

5B030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы

ШИФР-МАМАНДЫҚ	5B030100 – «ҚҰҚЫҚТАНУ»	
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ	<ul style="list-style-type: none"> – құқықтану саласында кәсіби құзыреттіліктерді, толыққанды, сапалы кәсіби білім алу үшін жағдай жасау; – студенттерге құқықтық талдау және заң қызметі саласында терең теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру; – ғылыми философиялық, әлеуметтік-тарихи, саяси және экономикалық білімі бар, қазақ, орыс, шетел тілдерін, ақпараттық үрдістерді талдау және компьютерде жұмыс жасау іскерліктері мен дағдыларын меңгерген, дене шынықтыру және салауатты өмір салты туралы түсінігі бар үйлесімді және жан-жақты дамыған тұлғаны даярлау; – қазақстандық патриотизм, интернационалдық достық, ұлтаралық және конфессияаралық келісім, түрлі мәдениет, дәстүрлер мен ғұрыптарға құрмет көрсету рухында тәрбиелеу; – құқықтық, экологиялық, дене мәдениетін, этикалық мәдениетті және ойлау мәдениеті мен жоғары құқықтық санасын қалыптастыру; – кәсіби қызметте қажетті іргелі білім, білік және дағдыны қалыптастыру. 	
БІЛІКТІЛІК СИПАТЫ	КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ САЛАЛАРЫ	Құқықтық салада туындайтын мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың заң құқықтары мен мүдделерін сақтауды қорғау, қамтамасыз ету, кепілдік.
	КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЫСАНДАРЫ	<ul style="list-style-type: none"> – құқық қорғау органдары; – арнайы мемлекеттік органдар; – мемлекеттік билік пен басқарудың сот, атқарушы және өкілдік органдары; – мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындар; – қоғамдық мекемелер; – құқық қорғау ұйымдары; – адвокатура; – қаржы мекемелері; – сақтандыру және аудиторлық компаниялар, білім беру ұйымдары.
	КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ПӘНІ	<ul style="list-style-type: none"> – құқықтық нормалар; – заңды мәні бар оқиғалар мен іс-әрекеттер; – мемлекеттік және мемлекеттік емес институттардың қызмет ету саласында туындайтын құқықтық қатынастар; – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, жеке және заңды тұлғалардың арасындағы құқықтық қатынастар.

БІЛІМ БЕРУ ТРАЕКТОРИЯЛАРЫ	Қылмыстық-құқықтық траектория
	Азаматтық-құқықтық траектория
	Тергеу-криминалистік траектория
ТРАЕКТОРИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	<p>«Қылмыстық-құқықтық траектория»:</p> <ul style="list-style-type: none"> – әлеуметтік, саяси-құқықтық және қоғамдық-экономикалық байланыстар жүйесінде қылмыстық-құқықтық саладағы қолданыстағы салалық заңнаманың жалпы жағдайын көрсетеді; – қылмыстық, қылмыстық-іс жүргізу, қылмыстық-атқарушы заңнаманың нормативтік-теориялық мазмұнының үйлесуі жағдайында практикалық құқықтану дамуының базалық компоненттері ара-қатынасында салааралық және қолданбалы оқу пәндерінен туындайтын оның дамуының үрдістері мен қозғалысының біріккен сипатына ие. <p>«Азаматтық-құқықтық траектория»:</p> <ul style="list-style-type: none"> – отандық және шетелдік цивилистиканың, эмпирикалық сипаттағы нормативтік ережелердің озық жетістіктерін жинақтайды, болжамалы, ұйымдастырушылық-практикалық, сонымен қатар салалық және салааралық құқықтық институттардан туындайтын азаматтық, азаматтық-процессуалдық құқықтың идеологиялық қызметтерін дамытады; – цивилистік бағыттағы оқу пәндерінің көлемі мен мазмұны жеткілікті статистикалық нормативтік материалмен сипатталады және азаматтық пен азаматтық іс жүргізу заңнамасы дамуының қозғалысына сәйкес ілгерілемелі даму қасиетіне ие. <p>«Тергеу-криминалистік траектория»:</p> <ul style="list-style-type: none"> – қылмыстық құқық бұзушылықты ашу, тергеу және алдын алумен байланысты базалық практикалық міндеттерді шешуде қажетті процессуалдық және криминалистік сипатта әзірленген оқу пәндерінің білім беру қызметінде пайдалану үшін қажетті ұйымдастырушылық, ғылыми-теориялық, оқу-әдістемелік жағдайларды қалыптастырады; – дәлелдеу процесімен байланысты жедел іздестіру, тергеу және сараптау қызметін криминалистік қамтамасыз етуді қалыптастыру бойынша құзырлы мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қазіргі құқық қолдау практикасының негізгі қажеттіліктерін білдіреді.
«ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТРАЕКТОРИЯ» БОЙЫНША ОҚИТУ НӘТИЖЕЛЕРІ	<p>БІЛУІ ТИІС:</p> <ul style="list-style-type: none"> – салааралық өзара әрекет ету деңгейін қоса алғанда, отандық қылмыстық заңнама дамуының негізгі үрдістері; – салалық реттеу ерекшеліктері контекстіндегі қылмыстық құқықтың материалдық-құқықтық табиғатының негізгі элементтерінің бастапқы мазмұны; – шектес салалармен пәнаралық өзара әрекет жасау деңгейінде ұғымдық-категориялық аппараттың, отандық және шетелдік қылмыстық-құқықтық

		доктриналардың даму үрдістері, негізгі мазмұны.
	ІСТЕЙ АЛУЫ ТИІС:	<ul style="list-style-type: none"> — қолданыстағы қылмыстық заңнаманың негіздерінде дұрыс бейімделу; — қылмыстық заңды дұрыс түсіндіру, нақты қылмыстық-құқықтық нормалардың мазмұнын ұғындыру үшін алған теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын пайдалану; — қылмыстық-құқықтық ғылымның базалық ұғымдарын үйрену.
	ДАҒДЫЛАРДЫ МЕҢГЕРУІ ТИІС:	<ul style="list-style-type: none"> — қылмыстық заңнаманың Ерекше бөлімін талдау және олардың практикалық қолданысын түсіну деңгейіндегі қылмыстық-құқықтық квалификация; — нормативті құжаттарды дұрыс құрастыру және ресімдеу.
«АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТРАЕКТОРИЯ» БОЙЫНША ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ	БІЛУІ ТИІС:	<ul style="list-style-type: none"> — азаматтық құқықтық қатынас табиғаты мен мәні, азаматтық заңнаманың шығуының, қызметінің және дамуының негізгі заңдылықтары; — азаматтық құқықтың, атап айтқанда, тұрмыс, кәсіпкерлік, сақтандыру, корпоративтік, мұралық құқықтың, зияткерлік меншік құқығы институттарының негізгі қағидалары, олардың мәні мен негізгі ұғымдары, категорияларының мазмұны, құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтық мәртебесі; — азаматтық-құқықтық саладағы құқықтық тетіктерді жүзеге асыруды мемлекеттік бақылаудың түрлері мен формалары; — құқықтық жағдайларды шешу барысындағы азаматтық заңнама нормаларын қолдану механизмі.
	ІСТЕЙ АЛУЫ ТИІС:	<ul style="list-style-type: none"> — азаматтық-құқықтық саладағы заң ұғымдары мен категорияларына сүйену, заңды фактілер мен оларға байланысты туындайтын құқықтық қатынастарды талдау; — теориялық білім, Қазақстан Республикасының іс жүргізу және материалдық азаматтық құқық нормаларын талдау, ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулыларын қолдану негізінде практикалық міндеттерді шешу; — азаматтық-құқықтық даулар бойынша заңмен қарастырылған шешу жолдарын табу; — азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңнамасының нормаларын дұрыс қолдану; — азаматтық құқық институттары реттейтін нормативті құқықтық актілерге құқықтық сараптама жүргізу; — әр түрлі азаматтық-құқықтық келісімшарттарды құрастыру; — нормативті құжаттарды дұрыс құрастыру және ресімдеу; — тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнаманың нормаларын пайдалану.
	ДАҒДЫЛАРДЫ МЕҢГЕРУІ ТИІС:	<ul style="list-style-type: none"> — құқықтық актілер және іс жүргізу құжаттарымен жұмыс жүргізу; — кәсіби қызмет нысандары болып табылатын түрлі құқықтық жағдайлар, заңды фактілер, құқықтық нормалар мен құқықтық қатынастарды өз бетінше талдау; — практикалық құқықтанудың түрлі салаларында кәсіби міндеттерді шешу.

<p>«ТЕРГЕУ-КРИМИНАЛИСТИК ТРАЕКТОРИЯ» БОЙЫНША ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ</p>	<p>БІЛУІ ТИІС:</p>	<ul style="list-style-type: none"> – нақты қылмыстық істер бойынша толық объективті дәлелдемелі базаны қалыптастыру мақсатында процессуалды шешімдерді қабылдаудың, тергеу іс-әрекеттерін өткізудің өту барысы мен нәтижелерін тіркеудің негізгі формалары; – қылмыстық құқық бұзушылықтарды толық және жан-жақты ашу және тергеу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін сот-баллистикалық сараптаманы өткізу бағытындағы сот-сараптамалық қызметтің пәні мен мазмұны; – жалған құжаттар мен олардың бөліктерін пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды толық және жан-жақты ашу және тергеу үшін сәйкестендірме және диагностикалық зерттеулерді жүргізу бағытындағы криминалистік құжаттаманың пәні мен мазмұны, криминалистік сәйкестендірме ұғымының теориялық негіздері, негізгі категорияларының классификациясы, оның дәлелдеме процесіндегі мәні; – қазіргі криминалистика, базалық криминалистік ілімдердің теориялық және эмпирикалық негіздердің пәні, мазмұны, әдіснамасы, қылмыстық құқық бұзушылықтарды толық және жан-жақты ашу және тергеу үшін техникалық және тактика-әдістемелік сипаттағы сәйкестендірме және диагностикалық зерттеулерді өткізудің негізгі бағыттары, криминалистік ғылымның базалық категорияларының классификациясы, ұғымның теориялық негіздері, қылмыстық сот ісін жүргізудің міндеттерін шешу процесіндегі оның мәні.
	<p>ІСТЕЙ АЛУЫ ТИІС:</p>	<ul style="list-style-type: none"> – анықтау, алдын ала тергеу, хаттамалық форма түріндегі сотқа дейінгі тергеу шеңберінде өткізілетін тергеу әрекеттерінің хаттамаларын өз бетінше құрастыру, прокурорлық жауап қайтару сот қадағалауы және сот төрелігіне жіберудің процессуалдық актілері; – атыс қаруы, ату жарақтары, жарылғыш заттар, жарылғыш қондырғыларды, сонымен қатар олардың қолданысынан кейінгі іздерін негізгі сәйкестендірмелі және диагностикалық зерттеуді өз бетінше жүргізу; – интеллектуалдық және материалдық жалғандықты анықтау мақсатында нәтижелерін дәлелдемелік ақпаратты тіркеудің процессуалдық құралдарда тіркеу мүмкіндігімен құжаттарға негізгі идентификациялық және диагностикалық зерттеулер жүргізу; – негізгі техникалық-криминалистік зерттеулер жүргізу, тиісті тіркеу құралдарында процессуалдық бекіту мүмкіндігімен тергеу әрекеттерін, тергеу жүргізудің әдістемелік бағдарламаларын өткізудің тактикалық модельдерін қалыптастыру.

**ДАҒДЫЛАРДЫ
МЕҢГЕРУІ ТИІС:**

- жекелеген тергеу және басқа да процессуалдық әрекеттерді жүзеге асырудың құқықтық реттеу негіздерінің мазмұнын өз бетінше талдау;
- қылмыстық процестің тиісті кезеңдерінің нақты міндеттерін шешу барысында процессуалдық шараларды практикалық өткізу;
- материалдық жалғандықты, соның ішінде тиісті техникалық құралдар арқылы жасалған, анықтау және зерттеудің негізгі әдістерін, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеу шеңберінде дәлелдеуді жүргізу барысында оның белгілері мен қасиеттерін практикалық қолдану;
- қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеу шеңберінде тергеу және сараптамалық әрекеттерді өткізу барысында сот-баллистикалық сараптаманы жасаудың негізгі әдістерін практикалық қолдану.